

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру ережелері туралы

Күшін жойған

Ақсу қалалық әкімдігінің 2003 жылғы 20 ақпандағы N 51/5 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 27 маусымда N 1693 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 25 наурыздағы N 167/2 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2009 жылғы 25 наурыздағы N 167/2 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабына, қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы" Заңына, Ақсу қалалық мәслихатының (XIV сессиясы, II шақырылған) 2002 жылғы 1 ақпандағы N 18/14 шешімімен бекітілген 2002-2004 жылдарға арналған Ақсу қаласының тұрғындарды жұмыспен қамту қалалық бағдарламасына сәйкес, тұрғындардың мақсатты топтарын әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шараларды белгілеу мақсатында қала әкімдігі қАУЛЫ ЕТЕДІ :

1. Қоса беріліп отырған :

- 1) Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары ;
- 2) Мақсатты топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - Ақсу қалалық әкімдігінің 2004 жылғы 26 ақпандағы N 47/3 қаулысымен.

2. Қала әкімдігінің осы қаулысы әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап екі апта мерзім ішінде қалалық "Ақжол - Новый путь" газетінде жариялануға жатады. қала әкімдігінің осы қаулысының жариялануын бақылау қала әкімі аппараты мемлекеттік-құқықтық бөлімінің бастығы И.В.Кудашкинаға жүктелсін.

3. Қала әкімдігінің осы қаулысының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Ә.Ә.Әбеневке жүктелсін.

Қала әкімі

"Әлеуметтік жұмыс орындарын
ұйымдастыру және қаржыландыру
қағидалары туралы"

БЕКІТІЛДІ

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары

Осы қағидалар тұрғындардың мақсатты топтарының ішіндегі табысы аз жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін анықтайды, негізгі шарттары мен әлеуметтік жұмыс орындарын беретін ұйымдармен (меншік нысанына қарамастан) есеп-айырысу жүйесін реттейді және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы" (әрі қарай - "Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы" Заңы), 1999 жылғы 10 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Заңдарының және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінің негізінде әзірленген.

1. Жалпы қағидалар

1. Осы қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) әлеуметтік жұмыс орны жұмыспен қамту басқармасында тіркелген тұрғындардың мақсатты топтарының ішінен табысы аз жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жергілікті жұмыс берушінің қабылданған жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеуге жіберген шығынын ішінара (50 %) немесе толық өтемақымен бюджеттің қаражаты есебінен жұмыс берушілердің беретін жұмыс орыны ;

2) мақсатты топтар - "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңмен және жұмысқа орналасуда қиындықтармен зардап шегуші және әлеуметтік қорғауды талап етуші ретінде жергілікті атқарушы органмен белгіленген тұлғалардың тобы .

Ескерту. 2-тармақша жаңа редакцияда - Ақсу қалалық әкімиятының 2004 жылғы 26 ақпандағы N 47/3 қаулысымен.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан жұмыссыз азаматтарға Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақымен қамтамасыз ету және сақтандыру туралы заңнамалық актілері таратылды.

3. Тұрғындардың мақсатты топтары ішіндегі жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік жұмыс орындарына жіберуді жұмыспен қамту басқармасы олардың келісімімен жүзеге асырады.

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және жұмысқа орналастыру тәртібі

4. Тұрғындардың мақсатты топтары ішіндегі жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін, осы жұмыс орнына алынған жұмыссыз

азаматтардың еңбекақысы шығындары қалалық бюджет қаражатынан ішінара немесе толығымен өтелген жағдайда, өз қаражатынан қаржыландырылатын жұмыс берушілер әлеуметтік жұмыс орындарын береді.

5. Жұмыспен қамту басқармасы жұмыс берушілермен тұрғындардың мақсатты топтары ішіндегі әлеуметтік жұмыс орындарына алынған жұмыссыз азаматтардың еңбекақысы шығындарының ішінара өтемдерін өтеуге қызмет көрсету жөнінде шарт жасайды.

6. Жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік жұмыс орындарына орналастыруды қамтамсыз ету және олардың еңбегіне ақы төлеуге көзделген бюджеттік қаражатты тиімді пайдалану мақсатында, қала әкімдігі тұрғындардың мақсатты топтары ішіндегі жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындары беретін жұмыс берушілердің жазбаша келісімімен ұйымдардың тізбесін анықтайды.

7. Кәсіпорындармен және ұйымдармен әлеуметтік жұмыс орындарына алынған жұмыссыз азаматтар заңнамада бекітілген тәртіпте жұмыспен қамту басқармасының есебінен алынады.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері және шарттары

8. Әлеуметтік жұмыс орындарын қаржыландыру көздері жұмыс берушілердің қаражаттары мен қалалық бюджет болып табылады.

9. Әлеуметтік жұмыс орындарына алынған жұмысшылардың еңбекақыларының мөлшері кәсіпорындардағы осы мамандық бойынша қолданыстағы мөлшерлемелер мен айлықақыларға және қолданыстағы заңнамаларға сәйкес. қалалық бюджеттен қаржыландырылатын ақы төлеудің мөлшері ең төмен жұмысақыдан 50 пайыз жоғары болса, жұмыс беруші өз қаражатынан қосымша төлемді жүргізеді.

10. Жұмыс берушілер әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан жұмыссыз азаматтардың еңбекақысына шығындарының орнын, белгіленген жұмысақыдан 50 пайыз мөлшерінде қалалық бюджет қаражатынан толтырады, бірақ республика бойынша 6 ай мерзіміне белгіленген ең төмен жұмысақыдан көп емес. Бюджеттік қаражаттарды аудару жөніндегі есеп айырысу жұмыс берушілердің есеп айырысу шоттарына жүргізіледі.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру тәртібіне және қаржыландыруға бақылау

11. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру тәртібін сақтауға және қаржыландыруға бақылауды қолданыстағы заңнамадағы тәртіпте мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары туралы

қала әкімдігінің 2004 жылғы
20 ақпандағы N 51/5 қаулысына

ҚОСЫМША

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - Ақсу қалалық әкімиятының 2004 жылғы 26 ақпандағы N 47/3 қаулысымен.

Мақсатты топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

1. 24 жасқа дейінгі жастағы жастар.
2. 50-ден асқан тұлғалар.
3. ДКК (дәрігерлік консультативтік комиссия) анықтамалары бойынша еңбек етуде шектеулері бар тұлғалар.
4. Бірде бір жұмыс істейтіні жоқ аз қамтылған отбасылардың жұмыссыздары.
5. Бір жылдан аса жұмыс істемеген тұлғалар.